

Мемлекеттің кірістерін пайдалану бағыттарын айқындаудың кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 қазандағы N 1092 Қаулысы

"Қазақстан Республикасы Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық заңы 9-бабының 8) тармақшасына сәйкес және заңнамалық кесімдерде көзделмеген мемлекет кірістерін пайдаланудың бағыттарын айқындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 1997 жылғы 18 қарашадағы "Аджип Қарашығанақ Б.В.", "БГ Интернэшнл Лимитед", "Тексако Интернэшнл Петролеум Компани", "ЛУКойл" мұнай компаниясы" ашық акционерлік қоғамы, "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық үлгідегі акционерлік қоғамы мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалған Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орны мердігерлік учаскесінің өнімін бөлу туралы түпкілікті келісімнің II бабы 2.1-бөлімінің d) тармағында көзделген төлем мемлекеттің кірісі деп саналсын.

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген төлем Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де түсім және кіріс ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына есепке алынады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі осы қаулының орындалуы жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі